





СЕКСУАЛЬДЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БҰЗЫЛЫСЫ



СЕКСУАЛЬДЫ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ БҰЗЫЛЫСЫ



Сексуальды дисфункция кезінде адамда табиғи сексуальды реакциялар болмайды, жыныстық қатынас кезінде қиындықтар болады және жыныстық қатынастан ләззат ала алмайды. Мұндай дисфункция науқасқа қайғы әкеледі және науқас фрустрация мен кінәлі сезімде болады, өзін өзі кемсіту пайда болады, қарым қатынас қиындығы туындайды.

Сексуальды қызығушылықтың түрлері

-сексуальды белсенділіктің шамадан тыс артуы немесе кемуі

-сексуальды қозу жеткіліксіздігі: ерлерде-импотенция, әйелдерде-фригидтілік

-оргазм бұзылыстары-аноргазмия, ерте немесе кеш эякуляция

-жыныстық қатынас кезіндегі ауру сезімі-диспареуния, вагинизм, бас ауруы

Себебі

Психологиялық факторлар: алаңдаушылық пен уайымға бейімділік, жыныстық қатынасты мәжбүрлі ұзақ уақытқа үзу, тұрақты партнердің болмауы, өзін өзі кемсіту сезімі немесе партнерді жек көрушілік, партнерлар арасында сексуальды әрекеттер стереотипіндегі келіспеушілік, жыныстық қатынас туралы қате тәрбие алу.

Сонымен қатар жыныстық өмір бастау алдындағы қорқыныш немесе 40 жастан кейінгі сексуальды белсенділікті жоғалтып алудан қорқу




Себебі

Сирек психикалық бұзылыстардан: депрессия, эндокринді және қан тамыр аурулары, паркинсонизм, эпилепсия

Дәрілік препараттар: трициклдік және серотонинергиялық антидепрессанттар, нейролептиктер, литий, гипотензивті заттар-клофелин т.б

Жиі себебі-алкаголь, барбитураттар, опиаттар, гашиш, кокаин, фенамин



Симптомдары

Сексуальды белсенділіктің төмендеуі- жыныстық қатынасқа қызығушылықтың жетіспеушілігі, сексуальды белсенділіктің төмендеуіне әкеледі.

Сексуальды қанағаттанбаушылық- жыныстық қатынастан ләззат алмау, қуаныштың болмауы, партнерлар арасында конфликттен кейін немесе депрессия, алаңдаушылық, психосоматикалық жағдай бұзылысында жиі пайда болады

Сексуальды салқындық, фригидтілік, жыныстық қатынастан жиіркену- партнерге немесе жыныстық қатынасқа теріс қатынас, психотравмалық жағдайдан кейін немесе конфликттерден кейін дамиды

Эректильді дтсфункция- эрекция бұзылысы уақытша, ситуационды немесе үнемі болуы мүмкін.

Ерте эякуляция- эякуляцияның жыныстық қатынас кезінде өте тез болуы, мінез бен темперамент ерекшелігіне байланысты немесе тұрақты емес жыныстық қатынас кезінде, қорқыныштан пайда болуы мүмкін

Аноргазмия- әйелдерде жиі кездеседі, психологиялық әсерлерден туындауы мүмкін.

Сексуальды қызығушылық

бұрмалануы

Бисексуальды сексуальды ориентация, өз жынысындағы адаммен эротикалық қызығушылық. Үнемі, уақытша, өтпелі болуы мүмкін. Немесе өз және өзге жыныстағыларға бірдей сексуальды қызығушылық болуы мүмкін- бисексуалдар.

Фетишизм-жыныстық бұрмалану, жансыз заттарға жыныстық қызығушылық.

Экспозиционизм-өзінің жалаңаш жыныс органдарын өзгелерге, көшедегі адамдарға көрсетуден ләззат алу.

Вуайеризм-жыныстық қатынас немесе жалаңаш адам көрген кезде жыныстық ләззат алу.

Садизм-сексуальды партнерге күш көрсету, ауыртудан, қатыгездіктен ләззат алу.

Мазохизм-партнерден моральды немесе физикалық күш көрсеткенде сексуальды ләззат алу.

Педофилия- кішкентай балаларға сексуальды қызығушылық.

Дәрілік заттар тек қосымша фактор ретінде қолданылады: транквилизаторлар мен антидепрессанттар- алаңдаушылық пен қорқынышты басу үшін, ерте эякуляцияда- серотонинергиялық антидепрессанттар мен нейролептиктер, ерлерде эрекция бұзылысы кезінде өзіне сенімділікті көтеру үшін-йохимбин және спецификалық фосфодиэстераза тежегіштері-силденафил(виагра), тадалафил (сиалис).